

УНИВЕРСИТЕТТЕ ДИПЛОМ ТАБЫСТАУ САЛТАНАТЫ ӨТТІ

2026 жылғы 1-4 шілде аралығында Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің барлық институттарында бітіруші түлектерге диплом табыстау рәсімі салтанатты түрде өтті. Биыл университет қабырғасынан 2 597 түлек түлеп ұшты. Оның ішінде 266 түлек магистратура бағдарламасын тәмамдаса, 217 түлек үздік диплом иегері атанды.

Гуманитарлық-педагогикалық институты

2026 жылғы 1 шілдеде Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде Гуманитарлық-педагогикалық институты түлектеріне диплом табыстау рәсімі салтанатты түрде өтті. Биыл институтты 462 түлек тәмамдаса, оның 59-ы – магистратура бағдарламасының түлектері. Институт бойынша 77 түлек үздік диплом иегері атанды.

Салтанатты рәсімге университеттің Басқарма Төрағасы – ректор Наурызбай Байқадамов қатысып, түлектерді маңызды белеспен құттықтады. Өз сөзінде ректор жастардың алған білімін ел игілігіне жұмсап, кәсіби біліктілігі жоғары, жауапкершілігі мол маман ретінде Қазақстанның дамуына үлес қосатынына сенім білдіріп, ақ жол тіледі.

Іс-шараға облыстық білім басқармасының басшысы Асқарбек Есжанов, «QAZAQSTAN» республикалық телерадиокорпорациясы» АҚ Қызылорда облыстық филиалы – «Qyzylorda» телерадионың директоры Нұрбек Әмиша, Қазақстан Журналистер одағы Қызылорда облыстық филиалының төрағасы, облыстық «Сыр бойы» газетінің бас редакторы Қуат Шарабидинов, үш мәрте «Алтын домбыра» иегері, Н.Бекежанов атындағы Қызылорда облыстық қазақ академиялық музыкалық



драма театрының директоры Мұхтар Ниязов, университеттің Академиялық мәселелер жөніндегі проректор Дана Абдрашева және Әлеуметтік және тәрбие жұмыстары жөніндегі проректор Уәлихан Ибраев қатысып, бітіруші жастарға ізгі тілектерін арнап, диплом табыстады.

Педагогика және дәстүрлі өнер институты

2026 жылғы 3 шілдеде Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде Педагогика және дәстүрлі өнер институтының бітіруші түлектеріне диплом табыстау рәсімі өтті. 467 түлек бакалавриат, 29 түлек магистратура бағдарламасын тәмамдады. 43 түлек үздік диплом иегері атанды.

Салтанатты жиынға Қызылорда облысы әкімінің орынбасары Мейрамбек Шермағанбет, университеттің Басқарма Төрағасы – ректор Наурызбай Байқадамов, «Әділет» партиясы Қызылорда облыстық филиалының басшысы Жандос Базартай, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Құрмет» орденінің иегері, Қызылорда облысының Құрметті азаматы, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің Құрметті профессоры, сазгер Рамазан Тайман, Экономика және қаржы департаментінің директоры, экономика ғылымдарының кандидаты Нұрлан Уразбаев қатысып, түлектерге ізгі тілектерін білдірді.

Жалғасы 2 бетте

«КОРПОРАТИВТІК МЕНЕДЖМЕНТ ЖӘНЕ ЦИФРЛЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯ – 2026» ФОРУМЫ ӨТТІ

2026 жылғы 4 шілдеде Достық үйінде Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің ұйымдастыруымен еліміздің жетекші сарапшылары, ғалымдары және ірі ұйымдардың басшыларын біріктірген «Корпоративтік менеджмент және цифрлық трансформация – 2026» атты ауқымды форум өтті.

Салтанатты ашылу рәсімін университеттің Басқарма төрағасы – ректоры Наурызбай Байқадамов құттықтады.

Пленарлық отырыста еліміздің жетекші сарапшылары мен тәжірибелі мамандары баяндама жасады. Университеттің Директорлар кеңесінің төрағасы Ерлан Әбіл корпоративтік басқаруды цифрландырудың бүгінгі жай-күйі мен болашағына тоқталса, Орталық Азия корпоративтік хатшылар қауымдастығының

атқарушы директоры Жардем Құрманғазиев корпоративтік басқару жөніндегі ұлттық кеңестің қызметі туралы баяндайды. ҚР Атом энергиясы агенттігі төрағасының кеңесшісі Дәурен Ақшалов комплаенс тәуекелдерін басқару және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамадағы өзгерістерді саралады.

Форум жұмысына түрлі саланың өкілдерімен қатар «Әділет» партиясы Қызылорда облыстық филиалының төрағасы Жандос Базартай да қатысып, корпоративтік басқарудағы тиімді шешімдер, цифрландырудың мемлекеттік және қоғамдық институттардың дамуына ықпалы, сондай-ақ адами капиталдың рөлі туралы баяндама жасады.

Сонымен қатар, «Самұрық-Қазына» АҚ жанындағы «Әлеуметтік өзара іс-қимыл

және коммуникациялар орталығының» бас директоры Елдос Өмірзақов, Қазақстандағы жасанды интеллектті дамыту қауымдастығы төрағасының орынбасары Анар Төлеубаева, халықаралық бизнес-тренер Маржан Садықова, TechnoWomen ұйымының Басқарма төрағасы Азиза Шужеева, еңбек қатынастары жөніндегі сарапшы Арна Кұсайынова және ESG бағытының сарапшысы Нұрсейіт Торғын өз тәжірибелерімен бөлісті.

Форумда басқару жүйесін цифрландыру, директорлар кеңесінің стратегиялық рөлі, басшылардың AI-құзыреттілігін қалыптастыру, ашықтық пен есептілікті арттыру, сондай-ақ ұйымдардың тұрақты дамуын қамтамасыз ету бағытындағы жаңа тәсілдер жан-жақты қарастырылды.

УНИВЕРСИТЕТТЕ ДИПЛОМ ТАБЫСТАУ САЛТАНАТЫ ӨТТІ

Жаратылыстану институты

2026 жылғы 2 шілдеде Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде Жаратылыстану институты түлектеріне диплом табыстау салтанаты өтті. 630 түлек бакалавриат, 79 түлек магистратура бағдарламасын тәмамдады. 47 түлек үздік диплом иегері атанды.

Салтанатты шараға Қызылорда облысының әкімі Мұрат Ерғешбаев, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің Басқарма Төрағасы – ректор Наурызбай Байқадамов, мемлекет және қоғам қайраткері, экономика ғылымдарының докторы, профессор, «Болашақ» университетінің ғылыми жетекшісі Бакберген Досманбетов, «Сыр елі облыстық әйелдер кеңесі» қоғамдық бірлестігінің төрайымы Райкүл Байназарова, Қызылорда облысының дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы, Олимпиада чемпионы, I дәрежелі «Барыс» орденінің иегері, жеті дүркін Қазақстан чемпионы Бахтияр Артаев, Қызылорда облысының цифрлық технологиялар басқармасының басшысы Сәбит Ибадулла, Қазақстан Республикасына еңбек сіңірген спорт шебері, 2012 жылғы Лондон Олимпиадасының қатысушысы, ауыр атлетикадан Қызылорда облысының аға бапкері Алмас Өтешов, Стратегиялық даму және IT жөніндегі проректор Баянәлі Досжанов, Жаратылыстану институтының директоры Гүлжас Тоқтағанова, «Физика және математика» білім беру бағдарламасының профессоры, физика-математика ғылымдарының докторы Бахытхан Әбдікәрімов және техника ғылымдарының кандидаты, профессор Бақыт Қалиев қатысып, түлектерге тілектерін білдірді.

Өңір басшысы Мұрат Ерғешбаев құттықтау сөзінде білімді әрі бәсекеге қабілетті жас мамандар даярлаудың маңызын атап өтті. Өз кезегінде университеттің Басқарма Төрағасы – ректор Наурызбай Байқадамов түлектерді өмірлеріндегі маңызды белеспен құттықтап, алған білімдерін ел игілігі жолында тиімді пайдаланып, кәсіби биіктерді бағындыруларына тілектестік білдірді.

Экономика және құқық институты

2026 жылғы 3 шілдеде Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде Экономика және құқық институтының бітіруші



түлектеріне диплом табыстау рәсімі өтті.

Институтты бакалавриат бағдарламасы бойынша 297, магистратура бойынша 20 түлек тәмамдап, оның ішінде 31 түлек үздік нәтижемен аяқтады.

Салтанатты шараға Басқарма Төрағасы – ректор Наурызбай Байқадамов, Қызылорда облысының прокуроры Ризабек Ожаров, Қызылорда облыстық сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының төрағасы Жаннат Бекжанов және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Қызылорда облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментінің басшысы Ербол Күзембаев қатысты.

Инженерлі-технологиялық институты

2026 жылғы 4 шілдеде Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде Инженерлі-технологиялық институтының түлектеріне диплом табыстау рәсімі өтті. Институтты бакалавриат бағдарламасы бойынша 534 түлек, магистратура бойынша 79

түлек тәмамдап, оның ішінде 19 түлек үздік диплом иегері атанды.

Басқарма Төрағасы – ректор Наурызбай Байқадамов ашып, түлектерді айтулы мерекемен құттықтап, олардың алдағы кәсіби қызметіне табыс, ел игілігі жолындағы еңбектеріне сәттілік тіледі.

Іс-шараға Қызылорда облысы әкімінің бірінші орынбасары Данияр Жаналинов, Қорқыт ата университетінің КеАҚ Директорлар кеңесінің төрағасы Ерлан Әбіл, Қорқыт ата университетінің КеАҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, «TechnoWomen» коммерциялық емес ұйымының президенті, тәуелсіз директоры Азиза Шужеева, Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы Медет Усаин, Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор Майнұр Бөрібаева және Инженерлі-технологиялық институтының директоры Бакытбек Абжалелов қатысып, бітіруші түлектерге ақжарма тілектерін білдірді.



БІЛІМ МЕН ТӘЖІРИБЕ ЖОЛЫНДАҒЫ ЖАРҚЫН ҚАДАМДАР

Студенттік шақ – әр адамның өміріндегі ең маңызды кезеңдердің бірі. Мен үшін университет қабырғасындағы жылдар көптеген жетістіктерге, құнды тәжірибелерге және маңызды шешімдерге толы болды.

Мен ағылшын тілі мұғалімін даярлау мамандығы бойынша білім ала отырып, өзімді жан-жақты дамытуға және әрбір мүмкіндікті тиімді пайдалануға тырыстым. Оқу барысында түрлі ғылыми және қоғамдық іс-шараларға белсенді қатысып, кәсіби дағдыларымды жетілдіруге ерекше көңіл бөлдім. Екінші курстың бірінші семестрінде ішкі академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында «Suleyman Demirel University» университетінде бес ай білім алу мүмкіндігіне ие болдым. Жетекші жоғары оқу орындарының бірінде оқып, жаңа ортаға бейімделу, білікті оқытушылардан дәріс алу және түрлі көзқарастағы студенттермен тәжірибе алмасу менің кәсіби әрі тұлғалық дамуыма зор ықпал етті.

Үшінші курстың екінші семестрінде халықаралық академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша Польшада бес ай білім алдым. Шетелде білім алу – әр студент үшін үлкен мүмкіндік әрі өмірлік тәжірибе. Қазақ халқы «Көп жасаған білмейді, көп көрген біледі» дейді. Бұл мақалдың мәнін Польшада білім алу барысында тереңірек түсіндім. Себебі шетелде оқу тек жаңа білім алумен ғана шектелмей, түрлі мәдениеттермен танысуға, әлемге басқа қырынан қарауға және өз мүмкіндіктеріңді кеңейтуге жол ашады.

Халықаралық академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында білім алу барысын-



да, әртүрлі елдерден келген студенттермен бірге білім алу арқылы коммуникативтік дағдыларымды жетілдіріп, ағылшын тіліндегі академиялық ортада жұмыс істеу тәжірибесін жинақтадым. Сонымен қатар бұл кезең өз бетімше шешім қабылдауға, жауапкершілік пен дербестікті дамытуға ықпал етті.

Шетелде білім алудың тағы бір айрықша артықшылығы – халықаралық байланыстар орнату мүмкіндігі. Оқу барысында түрлі елдерден келген студенттермен танысып, олардың дүниетанымы мен мәдени ерекшеліктерін тану арқылы өз көзқарасымның көзжиегін кеңейттім. Осы аралықта қалыптасқан достық пен сенімді қарым-қатынастар болашақтағы

кәсіби ынтымақтастыққа негіз болар құнды байланыстарға ұласты. Шетелде алған білім мен тәжірибе болашақ маман ретінде жаңа мүмкіндіктерге жол ашып, жаһандық ортада бәсекеге қабілетті болуға деген ұмтылысымды күшейтті.

Студенттік жылдарымда ғылыми-зерттеу жұмыстарына да белсенді қатыстым. Конференцияларға қатысып, өз зерттеулерімді ұсыну арқылы ғылыми ізденіс жүргізудің маңызын түсіндім. Сонымен қатар педагогикалық тәжірибе барысында оқушылармен жұмыс жасап, болашақ мамандығымның қыр-сырын тәжірибе жүзінде меңгеруге ықпал етті десек те болады.

Бірнеше жыл бойы жинаған білімім мен тәжірибемнің нәтижесінде дипломдық жұмысым жоғары бағаланып, қорғау кезінде 92 балл жинадым.

Бүгінде университет қабырғасында өткен жылдарға көз жүгірте отырып, әрбір мүмкіндік пен тәжірибенің мені жаңа белестерге жетелегенін мақтанышпен айта аламын. Ішкі және халықаралық академиялық ұтқырлық бағдарламалары, ғылыми ізденістер, педагогикалық тәжірибе және кәсіби жетістіктер менің болашақ маман ретінде қалыптасуыма берік негіз қалады. Алдағы уақытта да алған білімім мен тәжірибемді тиімді пайдаланып, жаңа жетістіктерге жетуге талпынамын.

Айдана ОРЫНБАСАРОВА,
АЯ-22-3 оқу тобының студенті

ӨЗ ІСІН СҮЮ – ЖЕТІСТІКТІҢ НЕГІЗІ

Әр адамның өмірінде өз жолын айқындайтын, болашағына бағыт беретін маңызды шешімдер болады. Мен үшін сондай шешімнің бірі – құқықтану мамандығын таңдау дер едім. Бұл таңдау кездейсоқ емес, бала кезімнен қалыптасқан арман мен әділетке деген ерекше көзқарастың нәтижесі.

Мен кішкентай кезімнен әділдік пен заңдылық ұғымдарына бейжай қарай алмайтынмын. Айналадағы түрлі жағдайларды бақылап, әрбір іс-әрекеттің артында жауапкершілік пен заң жатқанын түсінуге тырыстым. Осы қызығушылық мені құқық саласына жетеледі. Уақыт өте келе қоғамдағы тәртіп пен тұрақтылықтың, азаматтардың құқығының қорғалуының маңызын тереңірек түсіне бастадым. Сол сәттен бастап мен өз болашағымды осы саламен байланыстыруды мақсат еттім.

Құқықтану мамандығын таңдауыма әсер еткен тағы бір себеп – қоғамға пайдалы, әділдік орнатуға үлес қосатын маман болуға деген ұмтылысым. Құқық қорғау саласы – үлкен жауапкершілікті талап ететін, әрбір шешімі адам тағдырына әсер ететін маңызды сала. Осындай күрделі, бірақ маңызы зор мамандықты игеру арқылы мен қоғамдағы әділеттілікті нығайтуға өз үлесімді қосқым келді.

Сонымен қатар, студенттік кезеңде ғылыми-зерттеу жұмыстарына белсенді қатысып, конференциялар мен олимпиадаларда өз білімімді сынап көру мүмкіндігіне ие болдым. Тәжірибе менің аналитикалық ойлау қабілетімді дамытып, кәсіби ізденіске

деген қызығушылығымды арттырды. Педагогикалық және тәжірибелік сабақтар барысында мен болашақ мамандығымның қыр-сырымен жақынырақ таныстым. Оқытушылардың бағыт-бағдары мен қолдауы арқасында тек теориялық білім



алып қана қоймай, оны өмірлік жағдайларда қолдану жолдарын да меңгердім.

Университет қабырғасында өткен жылдар маған жауапкершілік, табандылық және өз бетіммен шешім қабылдау сияқты маңызды қасиеттерді қалыптастырды. Әсіресе, әртүрлі академиялық және практикалық

мүмкіндіктер менің кәсіби дамуыма үлкен серпін берді.

Осы орайда бізге бағыт-бағдар беріп, үнемі қолдау көрсеткен Құқықтану білім беру бағдарламасының жетекшісі Саниязова Еркемай апайға, бізді олимпиадаларға дайындаған Қаржаубаева Ляззат ұстазыма, өз ісінің шебері Садықов Марат ағайға және кафедраның барлық оқытушыларына шынайы алғысымды білдіремін. Олардың әрбір ақыл-кенесі мен тәлім-тәрбиесі жүрегімде мәңгі сақталады.

«Ұстаз – ұлы тұлға» деген сөздің шынайы мәнін мен осы қасиетті білім ордасында терең сезіндім. Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті мен үшін тек білім ордасы емес, арманымды айқындап, болашағыма бағыт берген алтын ұяға айналды.

Алдағы уақытта өзімді тек заң саласының маманы ретінде ғана емес, әділдік пен адалдықты ту еткен, қоғамға қалтқысыз қызмет ететін азамат ретінде елестетемін. Қай салада еңбек етсем де, алған білімімді ел игілігіне жұмсап, заң үстемдігін нығайтуға үлес қосу – өмірлік мақсатым. Болашақ түлектерге айтарым – армандарыңызға адал болып, мүмкіндіктерді тиімді пайдаланыңыздар, әр сәтті ізденіске арнаңыздар! Бұл университет сіздерге тек білім емес, үлкен өмірге бастайтын сенімді жол сыйлайды. Барша түлектерге жарқын болашақ, жетістіктер мен толағай табыс тілеймін!

Раушан КАДИРБАЙ,
Ю-22-1 оқу тобының студенті

БІЛІМ, ТӘЖІРИБЕ ЖӘНЕ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ДАМУ

Би – тек қимыл-қозғалыс емес, ол үлкен еңбек, тәртіп, төзімділік және шығармашылықты талап ететін өнер. Сондықтан студенттік кезеңде әрбір сабаққа жауапкершілікпен қарап, теориялық білімді тәжірибемен ұштастыра білу өте маңызды. Оқу процесі заманауи талаптарға сай ұйымдастырылып, теориялық білім мен тәжірибелік дағдыларды қатар дамытуға бағытталды. Сабақтар барысында кәсіби пәндер бойынша терең білім алып қана қоймай, шығармашылық ойлау, талдау, зерттеу және өздігінен жұмыс жасау қабілеттерімді жетілдірдім.

Өз шеберлігімді үнемі жетілдіріп, жаңа би бағыттарын, оқыту технологияларын және хореография саласындағы жаңашыл әдістерді меңгеруге ұмтылдым. Әрбір қойылымнан, әрбір сабақтан тәжірибе жинап, қателіктерден қорытынды шығара біліп, кәсіби деңгейімді тұрақты түрде өсірдім. Менің басты мақсатым – өз мамандығым бойынша жоғары кәсіби деңгейге жетіп, өз ісінің білікті әрі бәсекеге қабілетті маманы болу. Өрдайым білімді үздіксіз жетілдіріп, шығармашылық ізденістен қол үзбей, заманауи хореография бағыттары мен оқыту әдістемелерін терең меңгеруге ұмтыламын.

Болашақта шәкірттерге сапалы білім мен тәрбие беріп, олардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға өз үлесімді қосқым келеді. Сонымен қатар, кәсіби шеберлігімді үнемі дамытып, хореография саласында өз



орнын қалыптастырған, тәжірибесі мол және үлгі боларлық маман болуды мақсат етемін.

Хореография саласында жетістікке жету үшін ең алдымен қайрат-күш, табандылық, еңбекқорлық және үлкен жауапкершілік қажет. Би өнері үздіксіз жаттығуды, өзін-өзі жетілдіруді және жоғары тәртіпті талап етеді.

Университет студенттердің шығармашылық әлеуетін дамытуға ерек-

ше көңіл бөледі. Түрлі мәдени іс-шаралар, ғылыми конференциялар, семинарлар, шеберлік сабақтары мен байқауларға қатысу арқылы өзімді жан-жақты дамытуға мүмкіндік алдым. Осындай іс-шаралар кәсіби тәжірибемді арттырып қана қоймай, көпшілік алдында еркін сөйлеу, ұйымдастырушылық және көшбасшылық қасиеттерімді дамытуға ықпал етті.

Практикалық дайындыққа да ерекше мән беріліп, студенттердің кәсіби тәжірибе жинақтауына барлық жағдай жасалған. Практика барысында университетте алған теориялық білімді іс жүзінде қолданып, болашақ мамандығымның қыр-сырын тереңірек меңгеруге мүмкіндік алдым.

Қорыта айтқанда, университет қабырғасында өткен төрт жыл менің кәсіби және тұлғалық қалыптасуымның маңызды кезеңі болды. Осы уақыт ішінде университеттің сапалы білім беру жүйесі, заманауи материалдық-техникалық базасы, білікті профессор-оқытушылар құрамының қолдауы мен қолайлы білім беру ортасы болашақ маман ретінде жан-жақты дамуыма зор ықпал етті. Алдағы уақытта осы білім мен тәжірибені шығармашылық ізденіспен ұштастырып, өз ісінің білікті маманы ретінде қоғамға қызмет етіп, хореография өнерінің дамуына өз үлесімді қосамын деп сенемін.

Аяжан АРҒЫНОВА,
ХОР-22-1 оқу тобының студенті

АРМАННАН МАҚСАТҚА, МАҚСАТТАН ЖЕТІСТІККЕ

Жетістік – тек биік мінберде тұрып марапат алу немесе жеңіс тұғырынан көріну емес. Нағыз жетістік – бір адамның үмітін оятып, бір жүрекке жылулық сыйлап, бір жанның өміріне жарық сәуле түсіре алу. Себебі адам өміріндегі ең үлкен жеңіс – өзінен кейін ізгілік пен мейірімнің ізін қалдыру. Мен үшін осы ақиқатты ұғындырған, арманымды мақсатқа, ал мақсатымды жетістікке айналдырған қасиетті мекен – Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті.

Студенттік жылдарымда университет ұсынған әрбір мүмкіндікті тиімді пайдалануға тырыстым. «Жастар рухы» ұйымының мүшесі ретінде қоғамдық жұмыстарға белсене араластым, «Ақиқат» дебат клубында пікірсайыс мәдениетімді дамытып, өз ойымды еркін жеткізу қабілетімді жетілдірдім. Өндірістік тәжірибемді қалалық халыққа қызмет көрсету орталығы мен Мансап орталығында өтіп, таңдаған мамандығымның қоғам алдындағы жауапкершілігін тереңірек түсіндім.

Төрт жыл бойы республикалық, облыстық және жоғары оқу орындары арасындағы түрлі ғылыми, зияткерлік, мәдени және спорттық байқауларда бақ сынап, көптеген марапаттарға ие болдым. Сонымен қатар дебат турнирлерінде жүлделі орындарға қол жеткіздім. Әртүрлі жоғары оқу орындары ұйымдастырған байқауларда тәжірибе жинап, өзімді әр қырынан дамытуға мүмкіндік алдым. Өнер мен спорт та студенттік өмірімнің маңызды бөлігіне айналды. Волейболдан СР 22-5 тобымен бірге I орын иеленіп, топтық бірліктің, өзара қолдаудың және ортақ мақсатқа ұмтылудың маңызын сезіндім. Бұл жетістіктердің барлығы маған университет

ұсынған әрбір мүмкіндік адамның болашағын қалыптастыратын маңызды баспалдақ екенін дәлелдеді.



Алайда мен үшін ең құнды жетістіктер – дипломдар мен марапаттар емес. Ең үлкен әсер қалдырған сәттерім – адамдарға қуаныш сыйлаған, жүрекке жылу берген

қайырымдылық істерім. Себебі әлеуметтік жұмыс мамандығының шынайы мәнін мен дәл сол сәттерде түсіндім. Әлеуметтік қызметкер – тек көмек көрсететін маман емес. Ол – адамның үмітін қайта жандыратын, қиын сәтте қолдау көрсететін, қоғамдағы әрбір жанның өміріне оң өзгеріс енгізуге ұмтылатын тұлға. Егер менің бір ауыз жылы сөзім, бір ісім немесе бір көмегім арқылы бір адамның жүзінде күлкі пайда болып, өмірге деген сенімі арта түссе, мен өз мамандығымның басты мақсатын орындадым деп есептеймін. Өйткені әлеуметтік қызметкердің ең үлкен жетістігі – марапат емес, адамның алғысы мен ақ батасы.

Бүгінде Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті мен үшін жай ғана білім ордасы емес. Бұл – өмірімнің берік іргетасы қаланған, тұлға ретінде қалыптасқан, мүмкіндіктер әлемі ашылған қасиетті шаңырақ. Осы жолда маған сенім білдіріп, бағыт-бағдар берген кураторым Меруерт Умирзаковаға, алғашқы декандарым Гүлшат Дүзелбаева мен Нұрлан Құлмырзаеваға, мазмұнды дәрістерімен есте қалған Бақытжан Ахметбек ағайға және Экономика және басқару кафедрасының барша профессор-оқытушылар құрамына шынайы алғысымды білдіремін. Қасиетті шаңырақ маған білімнен бөлек, адамға қызмет етудің қадірін, жақсылық жасаудың маңызын және әрбір мүмкіндікке жауапкершіліктен қарауды үйретті. Сондықтан мен бұл университетті өмірімдегі ең дұрыс таңдауым, ал студенттік жылдарымды ең жарқын әрі қымбат кезеңім деп мақтанышпен айта аламын.

Көркем АРАЛҚЫЗЫ,
СР 22-5 оқу тобының студенті

ТӨРТ ЖЫЛДЫҚ ТАҒЫЛЫМ – ӨМІРЛІК ТӘЖІРИБЕ

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті – тек білім алатын орын ғана емес, әр жастың қабілетін ашып, арманын мақсатқа айналдыратын үлкен мүмкіндік мекені. Себебі бұл университет сіздерге сапалы білім, мол тәжірибе және жарқын болашаққа бастар сенімді жол сыйлайды. Мен өз мамандығыммен мақтанамын. Маған сенім сыйлап, қанат бітірген осы қасиетті шаңырақ әрдайым шабыттың мекені болып, әр студенттің бастамасына қолдау көрсетті. Университет қабырғасында алған білімім мен жинаған тәжірибем болашақ кәсіби жолыма берік негіз боларына сенемін.

Мен бұл мамандықты өзім сүйіп таңдаған, жүрегіме жақын бағыт деп айта аламын. Себебі мектепке дейінгі педагогика саласы – тек кәсіби білімді талап ететін мамандық емес, балаға деген шынайы сүйіспеншілікті, мейірімділік пен үлкен жауапкершілікті қажет ететін ерекше жол. Әрбір баланың қызығушылығы мен қабілетін байқап, оны дамыту – осы мамандық иесінің басты міндеті. Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу саласы – қоғамның болашағына қызмет ететін маңызды бағыт. Өйткені білімді, тәрбиелі, жан-жақты дамыған ұрпақтың негізі дәл осы кезеңде қаланады.

Қызығы мен қуанышы қатар өрілген төрт жыл ішінде түрлі жарыстар мен байқауларға қатысып, өзімді әр қырынан сынауға мүмкіндік алдым. Бір қарағанда бұл жетістіктерге жету оңай көрінуі мүмкін. Алайда әрбір жеңістің артында үлкен еңбек, ізденіс, дайындық және

табандылық жатты. Әрбір байқау мен үшін жаңа тәжірибе, жаңа мүмкіндік және өзімді дамытуға жасалған маңызды қадам болды.



Әр студенттің бойында жауапкершілік сезімі қалыптасып, «ұлттыма, еліме қызмет етемін» деген биік мақсат болса, бұл – үлкен жетістік. Себебі білімді, саналы және ел болашағына бейжай қарамайтын жастар – қоғамның ең үлкен тірегі. Осындай оймен қалыптасқан әрбір маман өз еңбегі арқылы туған жерінің

дамуына үлес қосып, ел игілігіне қызмет етеді. Ұстаздарымның қолдауы мен сенімінің арқасында әрдайым жаңа нәрсені үйренуге, ізденуге және өзімді дамытуға құштар болдым. Олардың берген білімі мен бағыт-бағдары менің кәсіби қалыптасуыма үлкен ықпал етті.

Мамандығым бойынша оқытылатын әрбір пәнге қызығушылықпен қарап, білімімді тереңдетуге бар күшімді салдым. Үнемі ізденіп, жаңа ақпаратты меңгеруге ұмтылуым мені үздік студент атануға жетеледі. Менің ойымша, жастық шақ – адамның ең қуатты, ең ізденгіш кезеңі. Сондықтан осы уақытты босқа өткізбей, білім алуға, өзін дамытуға және болашаққа берік негіз қалауға пайдалану қажет. Университетіміздегі жайлы жатақхана, заманауи үлгіде жабдықталған оқу кабинеттері және бай кітапхана қоры студенттік өміріміздің мазмұнды өтуіне үлкен әсер етті. Әрбір білім алушыға сапалы білім алуға, ізденуге және жаңа мүмкіндіктерді пайдалануға жағдай жасалғаны үлкен қолдау болды. Осындай қолайлы ортада білім алу – біз үшін үлкен мүмкіндік әрі құнды тәжірибе. Себебі бұл бағыт маған тек кәсіби білім ғана емес, үлкен жауапкершілікті, ел мен жерге қызмет етудің маңызын және өз ісіме деген сүйіспеншілікті үйретті. Көптеген тәжірибелерге қатысып, жаңа тың жобаларды жүзеге асыруға мүмкіндік берген білім ордама алғысым шексіз.

Балнұр ӨРІКБАЙ,
ДО-22-1 оқу тобының студенті

ҮЗДІКСІЗ БІЛІМ – КЕМЕЛ КЕЛЕШЕКТІҢ КЕПІЛІ

Қазіргі заманда білім – қоғамның дамуы мен мемлекеттің өркендеуінің басты негізі. Ғылым мен технология қарқынды дамыған сайын адам да үнемі ізденіп, білімін жетілдіріп отыруы қажет. Өйткені білімін тоқтаусыз толықтырып отырған адам ғана заман талабына сай өмір сүріп, табысқа жете алады. Білімді үнемі жаңартып отырған адам өзгермелі қоғамға тез бейімделіп, еңбек нарығында бәсекеге қабілетті болады.

Үздіксіз білім – адамның өмір бойы білім алып, жаңа дағдыларды меңгеруі, тәжірибесін жетілдіруі. Бұл тек мектепте немесе жоғары оқу орнында оқумен шектелмейді. Кітап оқу, ғылыми зерттеулермен айналысу, түрлі курстарға қатысу, жаңа технологияларды игеру – мұның барлығы үздіксіз білім алудың құрамдас бөлігі.

Еліміздің дамуы да білімді, білікті жастарға байланысты. Сапалы білім алған ұрпақ ғылымды дамытып, экономиканы нығайтып, қоғамның әл-ауқатын арттыруға үлес қосады. Сондықтан әрбір азамат өз білімін жетілдіруге жауапкершілікпен қарап, жаңа мүмкіндіктерді тиімді пайдалана білуі керек. Бүгінде ақпараттың қолжетімділігі үздіксіз білім алуға кең жол ашып отыр. Онлайн курстар, электрондық кітапханалар мен цифрлық платформалар кез келген адамның білім көкжиегін кеңейтуіне мүмкіндік береді. «Оқу – инемен құдық қазғандай» деген халық даналығы білім жолының оңай еместігін, табандылық пен төзімділікті талап ететінін айқын аңғартады. Адамның жасы ұлғайған сайын білімге деген құштарлығы бәсеңдемей, керісінше арта түсуі керек деп есептеймін. Өмірлік бағыттымыз айқындаған қасиетті қарашанырақ – Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің түлегімін. 2012-2016 жылдары аталған университетте «Физика педагогтерін даярлау» мамандығы бойынша білім алып, ұстаздық жолға алғашқы қадамды бастадым. Осы мақсатпен 2022 жылы тағы да «Математика педагогтерін даярлау» білім беру бағдарламасы

бойынша білім алып, екінші дипломымды иелендім. Ал 2024 жылы осы университеттің «Физика» білім беру бағдарламасы бойынша магистратураға түсіп, ғылыми ізденісімді жалғастырдым. Бүгінде үш бірдей дипломымды Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінен алудым – білім ордасының сапалы білім беру жүйесіне, білікті профессор-оқытушылар құрамына және ғылыми әлеуетіне деген зор сенімімнің айқын көрінісі.



Магистратурада физика ғылымының терең қыр-сырын заманауи оқыту әдістемелері арқылы меңгеріп, кәсіби білімімді жаңа деңгейге көтердім. Теориялық білім мен тәжірибені ұштастырған дәрістер, ғылыми-зерттеу жұмыстары мен практикалық сабақтар менің ғылыми ойлау қабілетімді дамытуға зор ықпал етті. Физика ғылымының заманауи бағыттарының ішінде нанотехнология саласына ерекше қызығушылық танытамын. Ғылым табиғат құбылыстарын тек бақылап қана қоймай, оларды тәжірибе арқылы дәлелдеуге, талдауға және жаңа шешімдер ұсынуға үйретеді. Физиканы меңгерген маман логикалық ойлау, зерттеу және шығармашылық қабілеттерін дамытады.

Болашақта физика ғылымы адамзат алдында тұрған жаһандық мәселелерді шешуде маңызды рөл атқара береді. Энергия тапшылығы,

экологиялық мәселелер, жаңа технологияларды дамыту сияқты бағыттарда физиктердің зерттеулері ерекше маңызға ие. Сондықтан физика – тек өткен жетістіктерді түсіндіретін ғылым емес, болашақ мүмкіндіктерді қалыптастыратын жетекші ғылымдардың бірі. Жаңартылатын энергия көздерін тиімді пайдалану, термоядролық синтезді дамыту және энергияны үнемдеу технологияларын жетілдіру – қазіргі физиканың негізгі міндеттері десек артық айтпаймыз.

Сонымен қатар университетте ұйымдастырылатын түрлі ғылыми форумдар, конференциялар, семинарлар мен тағылымды іс-шаралар жан-жақты дамуыма, шетелдік ғалымдармен тәжірибе алмасуыма мол мүмкіндік берді.

Кәсіби еңбегімнің нәтижесінде «Педагог-зерттеуші» біліктілік санатына ие болдым. Қазіргі заман мұғалімі тек сабақ беруші ғана емес, үнемі ізденетін, зерттейтін, жанашылдыққа ұмтылатын тұлға болуы тиіс.

Оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыру үшін интерактивті тапсырмалар, тәжірибелік тәжірибелер, модельдер, бейне-материалдар және шығармашылық жобалар сияқты оқыту құралдарын қолданамын. Әсіресе физика пәнін меңгеруде күнделікті өмірмен байланысты мысалдар келтіріп, ғылыми құбылыстарды тәжірибе арқылы түсіндіру оқушылардың танымдық белсенділігін арттырады.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті – диплом беретін білім ордасы ғана емес, өмірлік ұстанымды қалыптастырған, кәсіби жолыма бағыт берген алтын ұя. Осы оқу орнында алған білімім мен тәрбиенің арқасында өз ісін сүйетін, шәкірт жетістігін өз жетістігі санайтын ұстаз болып қалыптастым. Болашақтағы ең үлкен мақсатым – өз ісіне адал, кәсіби білікті педагог ретінде ел болашағына қызмет ету.

Меруерт ҚЫДЫРМАНОВА,
Ф-24-1м оқу тобының студенті

БІЛІМ МЕН ІЗДЕНІС – ЖАСТАРДЫҢ БАСТЫ ҚАРУЫ

Ұстаздық жолды таңдаған әр жас маманның өз арманы мен алға қойған мақсаты бар. Сол арманын еңбекпен ұштастырып, өзін әр қырынан танытып жүрген жандардың бірі – Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің түлегі **Ұлдана Орынтаевамен** сұхбаттасып, оның өмірлік қағидалары, ұстаздық жолы және кәсіби бағыттағы көзқарастары туралы ой бөлістік.

– Өзіңізді бір сөзбен таныстыру қажет болса, қай ұғымды таңдар едіңіз? Неліктен?

– Мен «ұстаз» деген ұғымды таңдар едім. Өйткені бұл мен үшін тек қызмет атауы емес, адамдарға бағыт-бағдар беру, біліммен бөлісу және өзіңнің де үздіксіз дамуың. Қандай іспен айналыссам да, оның түпкі мақсаты – өзгеге пайда әкелу. Сол себепті ұстаздық менің өмірлік ұстанымыма айналды.

– Ұстаздық жолды таңдауыңызға не себеп болды? Уақыт өте келе бұл салаға көзқарасыңыз өзгерді ме?

– Иә, мамандық таңдау – өмірдегі маңызды қадамдардың бірі. Жоғары сыныпта оқып жүргенде өзімнің адамдарға бір нәрсе үйреткенді жақсы көретінімді түсіндім. Біреуге көмектесу, білгенімді бөлісу маған ерекше қуаныш сыйлайтын. Кейде ешқандай пайда күтпей-ақ, біреуге түсіндіріп, бағыт-бағдар беруге дайын тұратынмын. Осы қасиетім мені ұстаздыққа жақындатты.

Сол кезден бастап мұғалім болуды саналы түрде таңдадым. Уақыт өте келе бұл мамандыққа деген құрметім одан сайын артты. Себебі ұстаз болу тек білім берумен шектелмейді. Мұғалім баланың тұлға болып қалыптасуына, оның өзіне деген сенімін арттыруға ықпал етеді. Әрине, тәжірибеде кейбір қиындықтар кездеседі. Университеттегі түсінік пен мектептегі шынайы өмірдің арасында айырмашылық бар. Бірақ дәл сол тәжірибе арқылы өзің де өссесің, жаңа нәрселер үйренесің. Бұл жолды таңдағанымға еш өкінбеймін.

Менің ұстаздық бағытты таңдауыма Teach for Qazaqstan жобасының да үлкен әсері болды. Бұл жоба маған мұғалім мамандығына басқа қырынан қарауға мүмкіндік берді. Ұстаз тек сабақ беруші емес, қоғамға өзгеріс әкелетін тұлға екенін түсіндім.

– Ағылшын тілінде сабақ беру қиын болмады ма?

– Алғашқы кезде, әрине, белгілі бір қиындықтар болды. Себебі ағылшын тілінде сабақ беру тек тілді жақсы білуді ғана емес, оны оқушыға түсінікті әрі қызықты етіп жеткізе білуді талап етеді. Әр баланың қабылдау деңгейі әртүрлі болғандықтан, сабақ барысында дұрыс әдіс-тәсілді таңдау маңызды.

Дегенмен бұл қиындықтар мен үшін үлкен тәжірибе мектебі болды. Әр сабаққа дайындалу арқылы өзім де ізденіп, тілімді жетілдіріп, кәсіби тұрғыдан дамып келемін. Ең бастысы – оқушының қызығушылығын

ояту және оған ағылшын тілін үйренуге деген сенім беру.

Осындай сәттерде Абай Құнанбайұлының «Адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады» деген ойы маған үлкен мотивация береді. Бұл сөзді мен ұстаздық жолда үнемі ескеремін. Себебі мұғалімнің мақсаты – тек білім беру емес, оқушының бойындағы ізденіс пен жақсы қасиеттерді дамыту.



– Мұғалім тек сабақ беруші емес, кейде оқушыға сырласатын адам, бағыт көрсететін тұлға, тіпті психолог та бола алады. Баланың көңіл күйін, мінезіндегі өзгерісті байқап, оның ішкі жағдайын түсіну – ұстазға қойылатын үлкен жауапкершілік. Осындай байланысты өз тәжірибеңізден сезініп жүрсіз бе?

– Бұл тұста маған Василий Сухомлинскийдің «Балаға жүрек жылуы» еңбегі үнемі шабыт беріп, ұстаздық ұстанымымды қайта саралауға көмектеседі. Оның «Мектеп – баланың сырттан мертігіп келген жүрегін емдейтін орын болуы керек» деген ойы маған ерекше әсер етті. Себебі бала мектепке тек білім алу үшін ғана келмейді. Баланың қуанышы, уайымы, қорқынышы немесе шешілмеген мәселелері болуы мүмкін. Кейде мұғалімнің бір ауыз жылы сөзі немесе уақыт бөліп тыңдауы бала үшін үлкен қолдау болады.

Сондықтан мен үшін ұстаз – тек ақпарат жеткізуші емес, оқушының ішкі әлемін түсінуге тырысатын, оны қабылдай білетін адам. Әр баланың мінезі мен қабылдауы әртүрлі болғандықтан, олардың көңіл күйіне назар аударып, өздерін қауіпсіз әрі еркін сезінетін орта қалыптастыруға тырысамын.

– Өзін дамыту жолында адам ең алдымен нені үйренуі керек? Сіздіңше, адамды кемелдікке жетелейтін басты нәрсе не?

– Меніңше, үздіксіз білім алу және өзін жетілдіруге деген талпыныс. Сонымен қатар мейірімділік, жауапкершілік, еңбекқорлық, сабырлылық сияқты адамгершілік қасиеттер де маңызды. Кемелдікке жету – бір сәтте болатын нәрсе емес, ол күн сайынғы ізденіс пен еңбектің нәтижесі. Адам әр күні өзінен жақсырақ болуға ұмтылса, рухани және ақыл-ой тұрғысынан дамиды.

– Қазіргі өмірдің қарқыны өте жылдам. Осындай жағдайда өзіңізге уақыт бөліп, денсаулыққа көңіл бөлуге қалай үлгересіз? Спорт пен дұрыс тамақтану сіздің өміріңізде қандай орын алады?

– Қарбалас өмірде өзіне көңіл бөлу әрдайым оңай бола бермейді. Күнделікті сабаққа дайындық, құжаттар, оқушылармен жұмыс – барлығы да үлкен жауапкершілікті талап етеді. Дегенмен адам өз денсаулығын кейінге ысыра берсе, басқа салаларда да толық нәтиже көрсете алмайды деп ойлаймын. Сондықтан мен үшін спортпен айналысу мен дұрыс тамақтану – жай ғана әдет емес, өмір салты. Бұл менің физикалық жағдайыма ғана емес, көңіл күйіме, ойлау қабілетіме де әсер етеді.

Сонымен қатар мұғалім ретінде балаларға қандай да бір құндылықты үйрету үшін оны алдымен өзің көрсетуің керек деп есептеймін. Оқушыға дұрыс тамақтану, спортпен айналысу немесе өзіне күтім жасау туралы айтқаннан гөрі, оны өз өміріңмен дәлелдеу әлдеқайда әсерлі.

– Арнайы уақыт бөліп, сұхбат бергеніңіз үшін алғыс білдіреміз. Ұлт болашағы үшін білімді, саналы ұрпақ тәрбиелеу жолындағы еңбегіңізге табыс тілейміз.

Сұхбаттасқан
Дамира МЕЙРАМБЕКҚЫЗЫ

Құттықтаймыз!

«ЖАС ҒАЛЫМ» ГРАНТТЫҚ БАЙҚАУЫНЫҢ ЖЕҢІМПАЗЫ АТАНДЫ

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің «Қазақ тілі мен әдебиеті және журналистика» БББ жетекшісі, PhD Жүзеев Серікхан Әлханұлының «Қызылорда облысы жастарының мәдени динамикасы: құндылық бағдарларын кешенді талдау» атты ғылыми жобасы (жалпы құны 29,5 млн теңге) ҚР ҒЖБМ Ғылым комитетінің «Жас ғалым» жас ғалымдардың ғылыми зерттеулерін гранттық қаржыландыру конкурсының жеңімпазы атанды. Жас ғалымды кезекті ғылыми жетістігімен құттықтай отыра, алдағы зерттеу жұмыстарына толағай табыс тілейміз!

ФАББИНГ: СМАРТФОН АДАМДЫ ҚОҒАМНАН АЛЫСТАТЫП БАРА МА?

Бір үстел басында отырғанымен, бір-бірінен алшақ адамдар. Бұл – бүгінгі қоғамда жиі кездесетін көрініс. Оның басты себебі – смартфонға байланған назар. Ғалымдар бұл құбылысты «фаббинг» деп атайды. Дәмханада екі адам әңгімелесіп отыр. Бірі өміріндегі маңызды жаңалығын айтып, ішкі толғанысын бөлісуде. Екіншісі тыңдап отырғандай көрінеді: басын изейді, «иә, түсініп отырмын» дейді. Бірақ оның назары әлдеқашан телефон экранына ауған. Келген хабарлама, әлеуметтік желідегі жаңалық немесе қысқа бейне – бәрі қасындағы адамның сөзінен маңыздырақ болып кеткендей.

Күнделікті өмірде қалыпты көрінетін бұл әрекет адамның қарым-қатынасына елеулі әсер етіп жатқанын көпшілік аңғара бермейді. Ғылымда бұл құбылыстың атауы бар – фаббинг.



Жаңа әдеттің пайда болуы

«Фаббинг» сөзі ағылшын тіліндегі phone («телефон») және snubbing («біреуді елемей, назардан тыс қалдыру») сөздерінің бірігуінен шыққан. Термин алғаш рет 2012 жылы Аустралиядағы Masquarade сөздігі мен McScan жарнама агенттігі ұйымдастырған арнайы жоба барысында ұсынылды.

Бастапқыда бұл атау қоғамда пайда болған жаңа мінез-құлықты сипаттау үшін қажет болды. Алайда жылдар өте келе фаббинг жай ғана әдет емес, әлеуметтік және психологиялық зерттеулердің нысанына айналды.

Қазір фаббинг дегеніміз – адамның жанындағы біреуді елемей, смартфонға шамадан тыс көңіл бөлуі. Бұл әрекет отбасы ішінде, достар арасында және жұмыс ортасында да кездеседі.

Телефон үшін туындаған жанжалдар

АҚШ-тағы Бэйлор университетінің профессорлары Джеймс Робертс пен Меррит Дэвид фаббингтің романтикалық қарым-қатынастарға әсерін зерттеген. Зерттеу нәтижелері смартфонның адамдар арасындағы жақындыққа кері ықпал етуі мүмкін екенін көрсетті. Зерттеуге қатысқан адамдардың 46,3 пайызы серігі тарапынан фаббингке ұшырайтынын айтқан. Ал

22,6 пайызы телефонға шамадан тыс назар аударудың салдарынан қарым-қатынаста жанжалдар туындайтынын жеткізген.

Бұл көрсеткіштер бір ғана нәрсені аңғартады: кей жағдайда мәселе телефонның өзінде емес, адамның назарын қайда бағыттайтынында.

Фаббинг қалай көбейеді?

Ұлыбританиядағы Кент университетінің психологтары Варот Чотпитаясунонд пен Карен Дуглас фаббингтің таралу механизмін «тұйық шеңбер» ретінде түсіндіреді.

Адам өзін біреу елемегенін сезгенде, көңілі түсіп, жалғыздық немесе мазасыздық сезімі пайда болуы мүмкін. Сол эмоциядан арылу үшін ол смартфонға жүгінеді. Кейін өзі де айналасындағы адамдарға дәл сондай қарым-қатынас көрсете бастайды.

Осылайша, бір адамның әрекеті екінші адамның мінез-құлқына әсер етіп, фаббинг күнделікті қарым-қатынастың қалыпты бөлігіне айналу қаупін тудырады.

Виртуалды байланыс және шынайы жалғыздық

Бэйлор университетінің профессоры Джеймс Робертстің пікірінше, адамдар смартфондардың қарым-қатынаста әсерін толық сезіне бермейді.

«Адамдар бір бөлмеде физикалық тұрғыда бірге отырғанымен, эмоционалды түрде бір-бірінен алшақ болуы мүмкін», – дейді ғалым. Бұл – қазіргі қоғамның басты қайшылықтарының бірі. Біз кез келген адаммен байланыс орнатуға мүмкіндік беретін технологияларды қолданамыз. Бірақ сол технологиялар кейде дәл қасымыздағы адамдармен арадағы байланысты әлсіретеді.

Мәселе телефонда ма, әлде таңдауда ма?

Жастар арасындағы фаббингтің тағы бір салдары – әлеуметтік салыстыру мен мазасыздықтың күшеюі. Әлеуметтік желідегі үздіксіз ақпарат ағыны адамның өз өмірін өзгелермен салыстыруына, үнемі онлайн болуға деген қажеттілік сезінуіне әкелуі мүмкін. Нәтижесінде кейбір жастар виртуалды ортадағы белсенділікті шынайы қарым-қатынастан жоғары қоя бастайды.

Сонымен қатар смартфонға тәуелділік оқу процесіне де ықпал етеді. Хабарламалар мен әлеуметтік желілерге жиі алаңдау зейінді шоғырландыруды қиындатып, тапсырманы орындауға кететін уақытты ұзартады. Бірнеше минутқа ғана телефон тексеру әдеті кейде ұзақ уақыттық алаңдауға айналады.

Алайда мәселе технологияның өзінде емес. Смартфон – жастар үшін білім алу, шығармашылықпен айналысу және әлеммен байланыс орнату мүмкіндігін беретін маңызды құрал. Негізгі мәселе – оны пайдалану мәдениетінде.

Қазіргі жастар үшін ең үлкен сынақ – цифрлық әлем мен шынайы өмір арасындағы тепе-теңдікті сақтау. Себебі экрандағы мыңдаған байланыстан гөрі, кей жағдайда жанындағы бір адамның әңгімесін тыңдау әлдеқайда маңызды болуы мүмкін.

Мерей МАЙБЕКҚЫЗЫ,
Ж-24-1 оқу тобының студенті

ЦИФРЛЫҚ ӨРКЕНИЕТ

Қазіргі заман – цифрлық өркениеттің шарықтау шегіне жеткен, адамзат ақылының жаңа көкжиектерді бағындырған дәуірі. Ақпарат ағыны тасқындап, оның таралу жылдамдығы көз ілеспес қарқынға ие болған сайын, оны өңдеу мен түрлендірудің мүмкіндіктері де күрделене түсуде. Осындай озық технологиялардың ішінде қоғамда ерекше қызығушылық пен алаңдаушылық тудырып отырған бағыттың бірі – Deepfake технологиясы. Бұл – жасанды интеллекттің қуатына сүйене отырып, адамның бейнесін, дауысын, қимыл-қозғалысын айнытпай салып, шынайы дүниелер жасайтын тылсымға толы құрал.

Deepfake технологиясының ғылыми іргетасы – терең оқыту мен генеративті қарсылас желілерге негізделген, яғни бір-бірімен «бәсекеге түскен» екі нейрондық желі үздіксіз жұмыс істейді: бірі шындыққа ұқсас бейне жасап, екіншісі оның жалған не шынайы екенін анықтауға тырысады. Уақыт өте келе бұл «сандық сайыс» шеберліктің шыңына жетіп, көзді алдар көркем иллюзияларды дүниеге әкеледі. Жасанды интеллект адамның жүзіндегі әрбір әжімді, көз жанырының жарқылын, еріннің нәзік қимылын, дауыс ырғағының әуезін үйреніп, оны қайта тірілгендей әсер қалдырады.

Аталған технологияның қолданылу аясы да сан алуан. Кино өнерінде ол уақыт пен кеңістікті еңсеріп, қартайған актерді жасартып, өмірден өткен тұлғаларды экранға қайта оралтқандай әсер береді. Білім беру саласында өткен дәуірдің көріністерін тірілтіп, тарихты «сөйлетеді». Жарнама мен маркетингте ерекше, есте қаларлық бейнелер жасауға мүмкіндік берсе, ойын индустриясында шынайылықты таңғалдыратын кейіпкерлерді қалыптастырады. Алайда әрбір жарқын жетістіктің көлеңкесі болатыны секілді, Deepfake технологиясының да қарама-қайшы тұстары бар.

Оның ең үлкен қаупі – шындық пен жалғанның ара-жігін жойып, адам санасын адастыруында. Жалған бейне мен дыбыстың шынайылықпен астасып кетуі қоғамда сенім дағдарысын туындатуы мүмкін. Біреудің айтпаған сөзін айтқызу, болмаған оқиғаны болғандай көрсету – бүгінгі ақпараттық кеңістіктің ең қауіпті құбылыстарының бірі. Жаңа технология киберқылмыс әлемінде де өз «қызметін» атқаруы ықтимал. Алаяқтар оны пайдаланып, адамдарды алдап, қаржылық пайда табуға ұмтылады. Мұндай әрекеттер жеке адамның абыройына дақ түсіріп қана қоймай, тұтас қоғамның ақпараттық қауіпсіздігіне нұқсан келтіреді. Нәтижесінде адамдардың ақпаратқа деген сенімі әлсіреп, цифрлық әлемдегі тұрақтылық шайқала бастайды.

Deepfake-тің тағы бір күрделі қыры – жеке деректердің қорғалуы. Адамның бейнесі мен дауысы оның рұқсатынсыз қолданылуы – этикалық тұрғыдан да, құқықтық тұрғыдан да үлкен мәселе. Осыған байланысты көптеген мемлекеттер бұл технологияны реттеу, бақылау және зиянды контентті шектеу бағытында заңнамалық шаралар қабылдауда.

Сонымен қатар, Deepfake-ті анықтайтын интеллектуалды жүйелер де дамып келеді. Бірақ технология дамыған сайын оны әшкерелеу де күрделене түсуде.

Қорытындылай келе, Deepfake технологиясы адамзатқа үлкен мүмкіндік сыйлайды, бірақ оны қолдану мәдениеті мен этикасы дұрыс қалыптасса ғана ол пайдалы құралға айналады.

Максат ШАРБЕК,
КТӘ-24-5 оқу тобының студенті

ЖЕТІСТІККЕ ЖЕТУДІҢ ЖЕТІ ҚАДАМЫ

Адам өміріндегі ең маңызды үдерістердің бірі – өзін-өзі дамыту. Өзін жетілдірген адам ғана өмірде нақты мақсат қойып, оған жетудің жолын таба алады. Қазіргі заманда білім, тәртіп және тұрақты даму – табыстың негізгі кілтін айналы. Өзінді дамыту – бір күндік әрекет емес, ол күнделікті жасалатын саналы таңдау.

1. Күнделікті мақсат қою

Өмірде нәтижеге жету үшін нақты мақсат қажет. Әр күнге шағын болса да мақсат қою адамның өмірін тәртіпке келтіреді. Мысалы, бір күнде белгілі бір тапсырманы орындау, жаңа ақпарат үйрену немесе пайдалы әдет қалыптастыру. Күнделікті мақсат адамды бос жүрістен сақтап, уақытты тиімді пайдалануға үйретеді. Кішкентай мақсаттар уақыт өте келе үлкен жетістіктерге айналады.



2. Кітап оқу дағдысын дамыту

Кітап оқу – адамның ой-өрісін кеңейтетін ең тиімді құралдардың бірі. Кітап арқылы адам жаңа білім алады, ойлау қабілеті дамиды және сөздік қоры байиды. Күніне аз уақыт болса да кітап оқуды әдетке айналдыру маңызды. Бұл болашақта үлкен нәтижелерге жетуге көмектеседі. Көп оқыған адам өз ойын нақты әрі сауатты жеткізе алады.

3. Уақытты дұрыс басқару

Уақыт – адам өміріндегі ең құнды және қайтарылмайтын ресурс. Ғалымдардың зерттеулеріне сәйкес, уақытты тиімді жоспарлаған адамдардың өнімділігі 25-40 пайызға дейін жоғары болады (Harvard Business Review деректері). Сондықтан әр

күнді алдын ала жоспарлау және маңызды істерді дұрыс бөлу – табысқа жетудің негізгі шарттарының бірі. Психологтардың айтуынша, адам бір уақытта тек бірнеше маңызды іске ғана толық назар аудара алады. Сол себепті міндеттерді басымдыққа қарай бөлу (prioritization) тиімді нәтижеге жетуге көмектеседі. Мысалы, ең маңызды және шұғыл істерді бірінші орында орындау адамның стресс деңгейін азайтып, жұмыс сапасын арттырады. Уақытты дұрыс басқару адамның өзін-өзі бақылау қабілетін күшейтеді. Күн тәртібін сақтау, жоспар құру және оны жүйелі түрде орындау – табысты адамдардың ортақ әдеті. Ғалымдардың зерттеулерінде көрсетілгендей, тұрақты жоспармен өмір сүретін адамдар өз мақсаттарына әлдеқайда тез жетеді.

4. Тәртіпті қалыптастыру

Тәртіп – кез келген жетістіктің негізі. Адам өзіне қойған ережелерді орындай алса, ол ішкі күш пен жауапкершілікке ие болады. Тәртіпсіз адам қанша талантты болса да, толық нәтиже көрсете алмайды. Сондықтан күнделікті әрекеттерді жоспарға сай орындау өте маңызды. Тәртіп адамның мінезін қалыптастырып, оны мақсатқа жақындатады.

5. Жаңа нәрселерді үйрену

Жаңа білім мен дағдыларды меңгеру – адамның тұлғалық дамуының маңызды бөлігі. Қазіргі заманда білім жылдам өзгеріп отырғандықтан, үздіксіз үйрену өмірлік қажеттілікке айналды.

Ғалымдардың пікірінше, жаңа ақпаратты жүйелі түрде меңгеру мидың нейрондық байланыстарын күшейтіп, есте сақтау қабілетін жақсартады. Сонымен қатар жаңа дағдыларды үйрену адамның бейімделу қабілетін арттырып, түрлі өмірлік жағдайларға икемді болуына көмектеседі. Мысалы, жаңа тіл үйрену, компьютерлік сауаттылықты арттыру немесе шығармашылық қабілеттерді дамыту – болашақ мүмкіндіктерді кеңейтеді. Психологтар да тұрақты түрде жаңа нәрсе үйренетін адамдардың өзіне деген сенімі жоғары болатынын айтады.

6. Өзін-өзі бақылау

Өзін-өзі бақылау – адамның жеке дамуы мен жетістікке жетуіндегі маңызды қабілеттердің бірі. Бұл қасиет адамның өз әрекеттерін, әдеттерін және шешімдерін саналы түрде қадағалауына мүмкіндік береді. Психология ғылымында өзін-өзі бақылау жоғары деңгейде дамыған адамдардың мақсатқа жету ықтималдығы әлдеқайда жоғары екені дәлелденген. Мұндай адамдар өз қателіктерін дер кезінде байқап, оларды түзетуге тырысады. Сонымен қатар олар өз прогресін бақылау арқылы мотивациясын сақтап отырады. Өзін-өзі бақылаудың

тиімді тәсілдерінің бірі – күнделік жүргізу немесе жоспарлау жүйесін қолдану. Бұл әдіс адамның қай жерде қателескенін және қай бағытта дамып жатқанын анық көруге көмектеседі. Уақыт өте келе мұндай тәжірибе адамның жауапкершілігін арттырып, тәртіпті өмір салтын қалыптастырады.



7. Позитив ойлау және өзіне сену

Адамның ойы оның өміріне тікелей әсер етеді. Ойлау жүйесі адамның әрекетіне, шешімдеріне және өмірге деген көзқарасына ықпал жасайды. Жағымды ойлау адамның ішкі мотивациясын арттырып, қиындықтарды жеңуге күш береді. Психология ғылымында оптимистік көзқарастағы адамдардың стресс жағдайына төзімділігі жоғары болатыны дәлелденген. Олар кез келген қиындықты уақытша құбылыс ретінде қабылдап, одан шығудың жолын іздеуге бейім келеді.

Өзіне сену – табысқа жетудің маңызды алғышарттарының бірі. Өзіне сенімді адам кез келген кедергіні еңсеріп, алға ұмтылудан тоқтамайды. Мұндай сенім адамның әрекет ету қабілетін күшейтіп, жаңа мүмкіндіктерге жол ашады. Сонымен қатар қателіктерді сәтсіздік ретінде емес, тәжірибе ретінде қабылдау – тұлғалық дамудың маңызды бөлігі. Әрбір қателік адамға сабақ болып, оның болашақта дұрыс шешім қабылдауына көмектеседі. Қорытындылай келе, позитив ойлау мен өзіне сену – адамның ішкі күшін арттырып, өмірде тұрақты дамуына ықпал ететін маңызды факторлар.

Ару ШОНЫҚБАЕВА,
Қорқыт Ата атындағы
Қызылорда университетінің түлегі

Құрылтайшы: Қорқыт Ата атындағы
Қызылорда университеті
Газет Қазақстан Республикасы
Ақпарат және қоғамдық даму
министрілігі Ақпарат комитеті тексеріліп,
№КЗ29VPY00077786 куәлігі берілген.

Бас редактор:
Қ.Ә.Омаров

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Н.С. БАЙҚАДАМОВ -
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің
Басқарма Төрағасы-Ректоры
М.Ә. БОРЫБАЕВА -
Басқарма мүшесі-Ғылыми жұмыстар және халықаралық
байланыстар жөніндегі проректор
У.С. ИБРАЕВ -
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің
Басқарма мүшесі-Әлеуметтік және тәрбие жұмыстары жөніндегі
проректоры

Жауапты редактор:

Аманжол
Аманжолова

Техникалық редактор:

Аскар
Махамов

СЫР ТҮЛЕГІ
жаспар газеті
1992 жылдан шығарылып келе жатыр

Жарияланған мақаладағы автордың
пікірі редакцияның көзқарасын
білдірмейді. Редакцияға түскен қолжазба
қайтарылмайды. «Сыр түлегіне»
жарияланған мақала көшіріліп басылса,
сілтеме жасалуға міндетті.